

Электрмен жабдықтау жабдықтары мен алаңнан тыс желілерін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 1147 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес электрмен жабдықтау жабдықтары мен алаңнан тыс желілері Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 4

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 4 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасының Президенті Күзет
қызметінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық
меншігіне берілетін электрмен жабдықтау жабдықтары
мен алаңнан тыс желілерінің
Тізбесі**

Электр жабдығының атауы	Орналасқан жері	Үлгісі, маркасы
-------------------------	-----------------	-----------------

Екі трансформаторлы ТП 376

Кенесары көшесі 76-үйде орналасқан ҚР ПҚҚ аумағында

№ 1 трансформатор	ТМ-250/10-У1
№ 2 трансформатор	ТМ-250/10-0,4
Жоғары вольтты кабель	ТП 376-дан ТП 385А-ға дейін жер астындағы орда салынған
Жоғары вольтты кабель	ТП 376-дан ТП 112-ге дейін жер астындағы орда салынған
Екі трансформаторлы ТП 1104	Сарыарқа көшесі 85 үйде орналасқан ҚР ПҚК
№ 1 трансформатор	қызметкерлерін террорға ТМ-250/10 У1
№ 2 трансформатор	қарсы дайындық жөніндегі ТМ-250/10 У1
	оқу - жаттығу орталығы ғимаратына қоса салынған
Жоғары вольтты кабель	ТП 1104-тен РП-55-ке дейін жер астындағы орда және Сейфуллин көшесі бойындағы кабельдік арықта салынған
Жоғары вольтты кабель	ТП 1104-тен ТП 153-ке дейін жер астындағы орда салынған
Б а р л ы ғ ы	

Кестенің жалғасы

Электр жабдығының атауы	Қуаттылығы	Саны	Теңгерімдік құны
			теңгемен
Екі трансформаторлы ТП 376			4 810 932
№ 1 трансформатор	250 КВА		1 дана
№ 2 трансформатор	250 КВА		1 дана
Жоғары вольтты кабель	10 КВ	360 м.	1 934 546
Жоғары вольтты кабель	10 КВ	230 м.	1 235 960
Екі трансформаторлы ТП			9 407 909
	1 1 0 4		

№ 1 трансформатор	250 КВА	1 дана	
№ 2 трансформатор	250 КВА	1 дана	
Жоғары вольтты кабель	10 КВ	428 м.	3 814 228
Жоғары вольтты кабель	10 КВ	410 м.	1 546 536
Барлығы			22 750 110
